


Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі

Компьютерлік технология

АШЫҚ сабақ

*Тақырыбы: Электрондық кестеде формула,
функцияларды қолдану.*

The background of the slide features a blurred cityscape at night. In the lower-left corner, a suspension bridge is illuminated with blue lights, its reflection visible in the water below. In the upper-right corner, a tall building is lit up, with its lights reflecting on the water. The overall color palette is dominated by various shades of blue, creating a cool, technological atmosphere.

*Электрондық кестеде
формула, функцияларды
қолдану.*

Excel электрондық кестесінің негізгі абзалдығы онда күшті формула және функциялар аппаратының барлығы. Excel - де барлық мәліметтерды өңдеу сол аппарат көмегі арқылы жүзеге асырылады. Сіздер сандарды қосуыңыз, азайтуыңыз , бөлуіңіз, көбейтуіңіз , синусты, косинусты, лагориғмді, экспонентаны есептеулеріңіз мүмкін.

Excel электрондық кестесі арифметикалық амалдарды , функциялармен біріктірілген сандар тізбегін немесе ұяшықтар адрестерінен тұратын арифметикалық өрнектерды формула ретінде қабылдайды.

Формула – бұл Excel бағдарламасы орындайтын жазылған есептеулер. Сіз ұяшыққа өрнекті енгізген кезде бағдарлама оны есте сақтап қалады, бірақ ұяшықтың өзінде есептеу нәтижесі ғана көрініс табады.

Формулаларды міндетті түрде “=” теңдік немесе “+” қосу белгісінен бастап жазу керек.

Формуланы көру үшін осы орнек орналасқан ұяшықты шерту керек. Формула формулалар жолағында көрініс табады. Формуланы енгізу аяқталған кезде ұяшықта оның өзі емес , осы формула бойынша жүргізілген есептеу нәтижесі көрінеді.

Excel - де өрнектерді есептеу кезінде амалдар мынадай ретпен орындалады:

1. Жақша ішіндегі өрнектер.
2. Теріс таңба (мысалы: -2).
3. Дәрежеге шығару (мысалы: 2^3).
4. Процентті есептеу.
5. Көбейту немесе бөлу.
6. Қосу немесе алу.

A1 ұяшығындағы деректі B1 ұяшығындағы дерекке бөлу формуласы Excel бағдарламасында былайша көрініс табады: A1/B1.

Формуланы енгізу:

1. Формуланы кірістіру қажет ететін ұяшықты белсенді етіңіз.
2. “=” белгісін қойып, формуланы енгізіңіз (мысалы: A5*C5). Енгізу барысында формула екі орында : ағымдағы ұяшықта және өрнектер жолағында көрініс табады.
3. Деректерді енгізгеннен кейін <Enter> перенсін немесе өрнектер жолағындағы Енгізу пернесін басыңыз.

Бетте орындалатын есептеулерден ең көп таралғандарынан бірі-ұяшықтар ауқымдарын қосу болып табылады. Ұяшықтар ауқымын ағымдағы қосу (+) амалдағыштарымен бөлінген барлық ұяшықтардың мекен жайларын қамтитын өрнек жасап қосуға болады.

Дәл осындай нәтиже алудың оңайырақ тәсілі – «ҚОСЫНДЫ» жетесін пайдалану.

Excel бағдарламасында ұяшықтар ауқымының жалпы қосындысын есептеп шығаруға мүмкіндік беретін «ҚОСЫНДЫ» жетесін жылдам шығаруға арналған Өзқосынды (Автосумма) батырмасы бар.

Бір жолдың бойында немесе бір бағанада орналасқан ұяшықтар қосындысын есептеу үшін , ұяшықтардың барлығын бөлектеп алыңыз да , Стандартты құралдар үстеліндегі Автосумма батырмасын басыңыз.

2. Практикалық бөлім.

1. MS Excel – де кесте құру.
2. Кесте ұяшықтарына ақпараттарды енгізу.
3. Енгізілген ақпараттарға формула енгізе отырып есептеу.
4. Есеп жауаптарын тексеру.

Тапсырманы орындау реті.

1 – тапсырма:

MS Excel – та кесте құру.

Студенттер MS Excel бағдарламасында 16x7 кесте құрастырады. Құрастырылған кесте бойынша ұяшықтарды үлкейтіп, реттестіреді.

2							
3	№	Қосу	Бөлу	Азайту	Көбейту	Жауап	
4	1						
5	2						
6	3						
7	4						
8	5						
9	6						
10	7						
11	8						
12	9						
13	10						
14	11						
15	12						
16	13						
17	14						
18	15						

2 – тапсырма:

Кесте ұяшықтарына ақпараттарды енгізу.

Кұрастырылған кестеге берілген ақпараттарды енгізіп шығады.

№	№	Қосу		Бөлу	Азайту	Көбейту	Жауап
3							
4	1	789	741	3	100	5	
5	2	856	452	2	90	3	
6	3	711	281	3	40	7	
7	4	566	422	4	80	2	
8	5	899	499	5	55	2	
9	6	982	520	2	10	5	
10	7	965	300	4	20	6	
11	8	897	650	2	52	3	
12	9	888	400	4	41	2	
13	10	912	700	2	52	2	
14	11	963	542	5	23	6	
15	12	985	215	8	25	5	
16	13	870	236	9	33	3	
17	14	785	456	4	9	9	
18	15	986	289	5	7	10	

3 – тапсырма:

Енгізілген ақпараттарға формула енгізе отырып есептеу.

Кестеге енгізілген ақпараттарды формула көмегімен
($=((B4+C4)/D4)-E4*F4$) есептеп шығарады.

2							
3	№	Қосу		Бөлу	Азайту	Көбейту	Жауап
4	1	789	741	3	100	5	10
5	2	856	452	2	90	3	384
6	3	711	281	3	40	7	51
7	4	566	422	4	80	2	87
8	5	899	499	5	55	2	170
9	6	982	520	2	10	5	701
10	7	965	300	4	20	6	196
11	8	897	650	2	52	3	618
12	9	888	400	4	41	2	240
13	10	912	700	2	52	2	702
14	11	963	542	5	23	6	163
15	12	985	215	8	25	5	25
16	13	870	236	9	33	3	24
17	14	785	456	4	9	9	229,25
18	15	986	289	5	7	10	185

V. Сабақты бекіту

Бағдарламаны қалай іске қосамыз?

MS Excel бағдарламасы қандай бағдарлама?

Кесте кірістіру үшін қандай әрекеттерді орындаймыз?

Кестелердің ұяшықтарына ақпараттарды қалай енгіземіз?

MS Excel бағдарламасындағы авто сумма қандай қызмет атқарады?

MS Excel бағдарламасында есептерді қалай шығаруға болады?

MS Excel бағдарламасында формулаларды қалай қолданамыз?

Назарларыңызға
рахмет!

